

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

Музеология мен этнология білгірі



Қазіргі заманда ғылымның дамығаны соншалық, оның салалары өте көп. Бір ғана гуманитарлық ғылымның өзі бірнеше түрге бөлінеді, бұрынғыларға қоса жаңа түрлері де пайда болуда. Сондай саланың бірі – музеология. Дамыған елдерде бұл ғылым ертерек қолға алынып, бұл күнде жеке сала ретінде қалыптасып үлгерді.

Бұлай болған себебі – ол елдерде музейдің мән-мағынасын терең түсініп, музей – тек қана заттарды жинайтын, оларды экспонат етіп көрсететін мекеме емес, ол үлкен ғылыми-біліми, мәдени-тарихи орталық бола алатын, елді, мемлекетті танытатын басты құрал екенін білді. Сөйтіп, музейді биік дәрежеге көтеріп, оны мемлекеттің, елдіктің символдарының біріне айналдырды.

Қазіргі музей – жан-жақты, әмбебап институт. Бірақ, ең алдымен, ғылымизерттеу мекемесі. Өйткені, музейлік мәнді артефактілерге (археологиялық, этнографиялық, тарихи және т.б.) қорға түскеннен бастап жүргізілетін камералық өңдеу, есепке алу, ғылыми атрибуциялау, ғылыми паспорттау, теориялық негізделген каталогтау – методологиялық жағынан да, лабораториялық зерделеу тұрғысынан да аса күрделі әрі жауапты ғылыми үдеріс. Ол, бір жағынан, бірнеше дәуірдің тарихын, этнографиясын, өнерін, жалпы мәдениетін жинақы түрде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп тұратын алтын көпір, екінші жағынан, сол жинақталған мұраны ғылыми түрде зерттеп, зерделеп, халықтың өткен тарихи-мәдени жолдарын паш етсе, үшінші жағынан, заманауи қажеттілікті атқаратын идеологиялық, ғылыми, біліми, мәдени институт. Әлбетте, музейдің жалпыхалықтық сипаты басым. Оның образды тілі баршаға түсінікті, сол себепті музейге кіретін адамға биік дәрежелі білім немесе арнайы дайындық қажет те емес. Кез келген музейге, әсіресе, әмбебап тарихи музейге кәрі де, жас та, ғалым да, бақташы да нәсіліне, ұлтына, жынысына, мамандығына қарамай, еркін кіріп, өзіне қажетті ақпаратты ала алады. Яғни музейдің тілі – жалпыға ортақ, түсінікті тіл, бұл оның әмбебап екенін айғақтайды.

Алматыдағы Орталық музейдің директоры Нұрсан Әлімбаев бір сұхбатын да былай дейді: «Музей тек құндылықтар сақтайтын қойма немесе сол құндылықтарды көрсететін көрме ғана емес. Музей, ең алдымен, ұлттық ғылымизерттеу мекемесі. Себебі, мұнда осы институтқа ғана тән аса күрделі ғылымизерттеу жұмыстары атқарылады. Мысалы, музейге бір зат келді делік, оны есепке аламыз, камералық өңдеуден өткіземіз, тегін тектеп, жоғын жоқтап, мәдени-этникалық парқын айғақтаймыз, осының бәрі ғылыми атрибуция деп аталады. Одан кейін жәдігерлердің ғылыми паспорты жасалып, соңында проблемалық-тақырыптық принцип бойынша ғылыми каталог жасақталынады. Оның сыртында музей қызметкерлері жыл сайын жүргізетін сан алуан, сан салалы археологиялық, археологиялық, этнографиялық ғылымизерттеу экспедицияларының танымдық тағылымы өз алдына әңгіме... Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – музей кеңістігіндегі мұндай өрелі ғылыми-зерттеу жұмыстары – тарихи-мәдени құндылықтарды дәріптеудің ең басты кепілі. Музей сала сындағы әлемдік іс-тәжірибенің қисыны осы».

Нұрсан Әлімбаевтың айтып отырғаны – музей кеңістігіндегі ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі шарттары. Ол атап өткен істер – теориялық талдауға апаратын, соған негіз болатын үрдістер. Ол басқарып отырған музей ұжымы аталған істермен шектеліп қалмай, ғылыми-теориялық деңгейі биік зерттеулер жүргізіп, олардың нәтижелерін бірнеше том етіп жарыққа шығарғанын ризалық сезіммен айтқан ләзім. Ұжым басшысының бес жылға созылған қажырлы ұйымдастырушылық еңбегінің арқасында Орталық музей 2004 жылы мемлекеттік арнайы аккредитациядан табыспен өтіп, ресми ғылымизерттеу мекемесі мәртебесіне ие болды. Нәтижесінде, аталмыш музей 2004 жылы еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырушы іргелі ғылыми-зерттеу мекемелерінің біріне айналды. Бағдарлама аясында отандық музей кеңістігінде тұңғыш рет барлығы 19 ғылыми-зерттеу жобасы жүзеге асырылды.

Әсіресе, соңғы үш-төрт жылда жарық көрген «Қазақтың этнографиялық категориялары, ұғымдары мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедия іргелі зерттеу еңбектің этнология саласында алатын орны ерекше. Бақандай 5 томнан тұратын аса көлемді әрі ауқымды жұмыстың 4 томы жарық көріп, 5-ші том бас пада жатыр. Әр томы 100-106 баспа табақ құрайтын бұл еңбек қазақ халқының арғы-бергі өміріндегі тіршілігінің басты тірегі болған сан алуан әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер, ырым-

тұйымдар, сонымен қатар, көшпелі ортада қолданыста болған әртүрлі тұрмыстық және шаруашылық бұйымдарды түгелге дерлік қамтыған, әрқайсысына ғылыми анықтама берген. Демек, аталмыш құндылықтардың атқарған қызметін, мән-мағынасын жүйелі түрде ашып, саралап, зерттеп-зерделеген мұндай бірден-бір іргелі, көлемді әрі жүйелі зерттеу қазақ этнологиясы ғылымында ғана емес, әлемдік мәдени және әлеуметтік антропология саласында болған емес. Бұл істе директор тек ұйымдастырушы ғана емес, білікті зерттеуші ретінде ұшан-теңіз еңбек сіңірді. Мысалы, энциклопедияның Нұрсан Әлімбаев жоғары методологиялық талғаммен жазған кіріспесін осы ұжымдық зерттеудің концепциясы әрі теориялық-методологиялық бағдарламасы ретінде бағамдауға әбден болады. Сонымен бірге ол – энциклопедиядағы дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы, қоғамдық қатынастың тетіктері, институттары (әдет-ғұрыптық құқық, хандық билік, тағанақ кеңес, тұрымтай кеңес, жүз, ру, тайпа, шежіре, туыстық байланыс жүйесі және т.б.) сынды аса күрделі теориялық әрі көлемді мақалалардың авторы. Автордың тікелей ізденісінің нәтижесінде ғылыми айналысқа еніп отырған шынжырқатар, пешкеш, поштар, шошай, сағлақ көкпар, шық, шау алу, сары жаулық, өкіл ата сынды және осы құралыптас басқа да жүздеген тың мәселелерге арналған мақалалар өз алдына бөлек әңгіме. Оның үстіне басқа авторлардың жазған мақалалары тегіс Нұрсан Әлімбаевтың ғылыми редак - торлығынан өтіп, тиянақталды. Орталық музейде дүниеге келген энциклопедияда дәстүрлі қазақы ортада қолданыста болған қоғамдық қарекет атаулының субъектілерін, объектілерін және осы қарекеттің жүзеге асырылу жолдары мен тетіктерін білдіретін этнографиялық категориялар, ұғымдар және атаулар қарастырылады. Демек, аталмыш энциклопедияны, бір жағынан, этнокогнитологиялық еңбек ретінде бағамдауға әбден болады.

Нұрсан Әлімбаевтың ғалымдығы, әсіресе, тарих пен этнология саласы бойынша жариялаған еңбектері бұл күнде Қазақстаннан тыс елдерде жоғары бағаланып жүр. Оның тағы бір кәсіби қыры қазақ және орыс тілдерінде бірдей еркін сөйлеп, еркін жазатындығында. Сонымен бірге ағылшын және түрік тілдеріндегі материалмен еркін жұмыс істейтін ол ондаған халықаралық ғылыми конференцияларда, симпозиум мен конгрестерінде баяндама жасады. Мәселен, оның Токиода, Парижде, Лондонда, Нью-Йоркте, Бохумда, Измирде, Анкарада, Будапеште, Мәскеуде, Санкт-Петербургте, т.б. шаһарларда жасаған баяндамалары мамандар тарапынан жоғары бағаға ие болды да, біразы сол елдерде жарияланды. Ғалым тек соңғы кезде Еуропаның бірнеше тілдерінде қазақтың көшпелі қоғамының әртүрлі теориялық және методологиялық аспектілеріне арналған отызға жуық мақала шығарды.

Жалпы, Нұрсан Әлімбаевтың ғылыми ізденістері бірнеше саланы қамтиды. Атап айтқанда, оның 200-ден астам еңбектері, негізінен, номадология, этнология, тарих, фольклористика, музеология ғылымдарының проблемаларын қамтиды. Оның жұмыстарына жаңашылдық, ізденгіштік, өзіндік тән, ол көп жағдайда зерттеген мәселесі мен тақырыбына қатысты өз тұжырымдарын, өзінің теориялық концепциясын ұсынады. Әсіресе, оның көп зерделеп-зерттегені және өз көзқарасымен қарастырғаны – көшпелі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы. Бұл проблеманы ол бұрынғыдан өзгеше зерделейді. Нұрсан Әлімбаев дәстүрлі көшпелі қоғамдарда әлеуметтік қатынастардың барлығы қауым дастыққа (община) негізделген деп, оны әлеуметтік қатынастардың түрлерін ұйымдас тыратын интегралдық күш («интегральное единство») деген тұжырым жасайды. Қазақ қоғамында әлеуметтік қатынастарды ұйымдастырып, реттеп отыратын бірден-бір күш – экзогамияға негізделген «Жеті атадан» құралған қауым деп санайды Нұрсан Әлімбаев. Әлбетте, бұл концепция – жаңаша пайымдау. Онымен келісуге де, келіспеуге де болар, бірақ екі жағдайы дау туғызбаса керек. Қазақтарда сақталған жеті атаға дейін үйленбеу салты (экзогамиялық неке) – қазақ үшін жазылмаған заң десе де болады. Ал, оның биогенетикалық аспектісін айтпағанның өзінде, қазақ қоғамының әлеуметтік қана емес, бүкіл болмысында, тіршілігінде үлкен рөл атқарғаны аян, атқарып та келеді. Бұл – жеке сөз ететін проблема. Ал, енді «қауым» (община) дегенге келсек, ол

ру болып, бірлесіп өмір сүрудің түрі. Біздің арғы-бергі бабаларымыз руласып өмір сүруінің басты себебі – олар мекен еткен ұшы-қиыры жоқ сайын далада жеке адам өмір сүруі мүмкін емес, табиғаттың дүлей күштеріне тек қана қауымдасып, бірлесіп қана қарсы тұру мүмкін еді. Осылай ру-ру, ата-ата болып тіршілік ету салты пайда болып, қалыптасты, біздің заманымызға дейін жетті. Рулық қоғам – ешқандай да артта қалушылық емес, ол өмір сүрудің табиғи түрі, һәм әмбебап механизмі болды, сөйтіп, қазақ «мың өліп, мың тіріліп» өзін халық ретінде сақтай алды. Нұрсан Әлімбайдың ұсынған концепциясы қолдау тауып, әрі қарай терең әрі жан-жақты зерттелетін шығар деп ойлаймыз.

Орталық музей – қазір тек іргелі ғылыми-зерттеу құрылым ретінде ғана емес, халықаралық деңгейде де өзінің сан салалы мәдени және біліми жұмыстарымен танымал болған мекеме. Мысал ретінде, 2000 жылдан бері аталмыш музей тарапынан АҚШ, Франция, Германия, Италия, Оңтүстік Корея, Жапония, Біріккен Араб Әмірліктері, Ресей сынды мемлекеттерде өткізілген халықаралық көрмелерді айтуға болады. Нұрсан Әлімбайдың тікелей бастамасымен бұл көрмелердің әрқайсысы тиісті ғылыми семинарға немесе симпозиумға ұласып отырды. Еңбек ер атандырады деген емес пе. Нұрсан Әлімбайдың еңбегі биыл Еуропа ғалымдарының тарапынан жоғары бағаға ие болды: ол Еуропа ғылыми-өнеркәсіп палатасының алтын медалімен «этнология мен тарих ғылымына қосқан елеулі үлесі және музей ісіндегі көрнекті ұйымдастырушылық қызметі үшін» марапатталды.

Иә, Нұрсан Әлімбай – білікті ғалым ғана емес, шебер ұйымдастырушы, нақты істің адамы. Мысал ретінде, 2000 жылы Астана қаласында Нұрсан Әлімбайдың өзі бірінші директоры болған Президенттік мәдени орталықты айтуға болады. Бәріміз аталмыш көп бейінді мекемені оның өзімен бірге келген Орталық музей қызметкерлерімен бірге күндіз-түні жұмыс істеп, іске қосқанының куәсі болдық. Орайы келген соң айта кеткен ләзім, осы жақында ғана бой көтерген Астана қаласындағы Ұлттық музейдің этнография залын Нұрсан Әлімбай бір өзі жасақтап берді. Мамандардың айтуына қарағанда, бұл зал қазір аталмыш музейдегі ғылыми жағынан да, композициялық шешім тұрғысынан да ең ұтымды экспозициялық кешен болып табылады.

Үлкен ғалым әрі шебер ұйымдастырушы Нұрсан Әлімбайұлына таңдап алған саласына, әсіресе, этнология мен музеология ғылымдарына жаңа зерттеулерімен тағы да мол үлес қосуын тілейміз.

Сейіт ҚАСҚАБАСОВ
академик.